

Шет ауданы әкімінің

2013 жылғы «15» ақпаны

№06/01 қаулысына №2 қосымша

Шет ауданының Аймақтық Үйлестіру Кенесі туралы Ереже

Осы Шет ауданының аймақтық Үйлестіру Кеңесі туралы ереже (бұдан әрі –Ереже) Шет ауданының үдемелі индустриалдық, шағын және орта бизнесті дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру, экспорттық әлеуетін және қазақстандық үлесті дамыту жөніндегі аймақтық Үйлестіру кеңесі (бұдан әрі Үйлестіру Кеңесі) қызметінің міндеттерін, функцияларын, құқықтарын және ұйымдық негіздерін айқындайды.

1. Жалпы ережелер

1. Үйлестіру Кеңесі мемлекеттік органдардың, кәсіпкерлер бірлестіктерінің үдемелі индустриалдық саясатын іске асыру мәселелері шағын және орта бизнесті дамыту, инвестициялық белсенділікті арттыру, экспорттық әлеуетін және қазақстандық үлесті дамыту жөнінде ұсынымдарын әзірлеу мақсатында құрылды.

2. Үйлестіру Кеңесі аудан әкімдігі жанындағы консультативтік – кеңестік орган болып табылады.

3. Үйлестіру Кеңесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің, облыс әкімдігі мен әкімінің актілеріне, басқа да нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес іске асырады.

4. Үйлестіру Кеңесінің шешімі ұсыныстық сипатта болады.

2. Үйлестіру Кеңесінің негізгі міндеттері мен функциялар

5. Үйлестіру Кеңесінің негізгі міндеттері:

5.1 Аймақты үдемелі индустриалдық – инновациялық дамыту көзқарас тұрғысынан маңызды болып табылатын өнеркәсіптің нақты саласының тармағы мен секторларын айқындау;

5.2 Аймақ экономикасын дамытуды қамтамасыз ету үшін іске асыру қажет үдемелі индустриалдық – инновациялық, инвестициялық және экспорттық саясат іс – шаралары бойынша ұсынымдар дайындау, тиісті шешім қабылдау;

5.3 Инвестициялық жобаларды алға басу және жүзеге асыру іс-шараларын әзірлеу.

5.4 Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау бағытында, мемлекеттік саясатын іске асыруына жәрдемдесу

5.5 Бизнестің серпінді дамуына кедергі жасайтын проблемаларды болжамдау, анықтау және қорытындылау, оларды шешудің оңтайлы жолдарын табу;

6. Үйлестіру Кеңесіне жүктелген міндеттерді орындау мақсатында төмендегі жұмыстарды жүргізеді:

6.1 Үдемелі индустриалық – инновациялық, инвестициялық және экспорттық саясатты іске асыруға тікелей немесе жанама әсер ететін салаларда мемлекеттік саясатты іске асыру;

6.2 Инвестициялық ахуалды жетілдіруге және экономикасының шикізатқа қатысты емес секторына тікелей шетелдік инвестициялар тарту жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру;

6.3 Үдемелі индустриалық – инновациялық, шағын және орта бизнесті дамыту жөнінде 5 жылдық мемлекеттік бағдарламалық құжат әзірлеуге қатысты ұсыныстар әзірлеу бойынша функцияларды орындау;

6.4 Қазақстан Республикасының Президенті аяқталаған шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын іске асыру үшін, ауданның атқарушы органдар мен кәсіпкерлер бірлестіктерінің өзара іс-қимылдарын ұйымдастыру;

6.5 Тауар, қызмет және жұмыс сатып алу барысында қазақстандық үлесін арттыру бойынша мемлекеттік саясатты іске асыру шараларын айқындау.

3. Үйлестіру Кеңесінің құқықтары

7. Үйлестіру Кеңесі өз құзыреті шегінде:

7.1 Үдемелі индустриалық – инновациялық, шағын және орта бизнесті, экспорттық әлеуетін және қазақстандық үлесін дамыту іске асыру мәселелері жөніндегі ұсыныстарды және нормативті құқықтық актілердің тиісті жобаларын, сондай-ақ инвестициялық жобалар бойынша жасалған қорытындыны тиісті мемлекеттік органдардың қарауына енгізуге;

7.2 Өз жұмысына мемлекеттік органдардың басшыларын, ғалымдарды, сарапшыларды және мамандарды тартуға;

7.3 Мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан үйлестіру кеңесінің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпарат сұрауға;

7.4 Үйлестіру Кеңесі отырыстарының хаттамаларын бекітуге;

7.5 Өз қызметін ұйымдастыру жөніндегі жұмыс тобын құруға құқығы бар.

4. Жұмысты ұйымдастыру

8. Үйлестіру Кеңесінің төрағасы – Шет ауданының әкімі. Ол Үйлестіру Кеңесінің қызметіне басшылық етеді, отырысына төрағалық етеді, жұмысын жоспарлайды, шешімдерінің іске асырылуын және жалпы бақылауды жүзеге асырады.

Үйлестіру Кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда оның функцияларын Үйлестіру Кеңесі төрағасының орынбасары атқарады.

9. Үйлестіру Кеңесінің жұмыс органы Шет ауданының «Кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» болып табылады.

10. Үйлестіру Кеңесінің жұмыс органы Үйлестіру кеңесі жұмысын ұйымдық – техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады.

11. Үйлестіру Кеңесінің жұмыс органы:

11.1 11-үн тәртібін қалыптастырады;

11.2 Үйлестіру Кеңесінде қарауға арналған ұсыныстарды жинауды жүзеге асырады. Үйлестіру Кеңесінің қарауына мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдар енгізетін ұсыныстарды қалыптастырады;

11.3 Үйлестіру шешімдерінің орындалуын бақылайды;

11.4 Мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардан Үйлестіру Кеңесінің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты сұратады.

12. Үйлестіру Кеңесінің жұмысын ұйымдастыруды, оның отырыстарын өткізуге тиісті құжаттарды, материалдарды дайындауды және Үйлестіру Кеңесінің отырыстарынан кейін хаттама рәсімдеуді Үйлестіру Кеңесінің хатшысы жүзеге асырады.

13. Үйлестіру Кеңесі отырыстарының материалдары Үйлестіру Кеңесі отырыстарына дейін кемінде екі жұмыс күнінен кешіктірілмей Үйлестіру Кеңесінің мүшелеріне жіберіледі.

14. Үйлестіру Кеңесінің отырысын Үйлестіру Кеңесінің төрағасының, Төраға орынбасары мен Үйлестіру Кеңесінің мүшесінің бастамасы бойынша Үйлестіру Кеңесіне қарауға ұсынылатын материалдар негізінде шақырады.

15. Үйлестіру Кеңесінің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ кемінде тоқсанына бір рет өткізіледі және оған оның мүшелерінің жалпы санының кемінде жартысы қатысса, заңды болып саналады. Үйлестіру Кеңесінің мүшелері отырыстарға ауыстыру құқығысыз қатысады.

16. Үйлестіру Кеңесі отырыстарының қорытындылары бойынша отырысқа қатысып отырған барлық мүшелері мен хатшы қол қоятын хаттама мен рәсімделетін шешімдер қабылданады.

17. Үйлестіру Кеңесінің шешімі оның отырысқа қатысып отырған мүшелерінің жалпы санының қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төраға дауыс берген шешім қабылданған болып саналады.

5. Кеңестің қызметін тоқтату

18. Шет ауданы әкімінің Аймақтық Үйлестіру Кеңесін құру туралы қаулысы Кеңестің қызметін тоқтату үшін негіз болып табылады.